

Педагогикалық кеңес №4

«Колутон ауылының жалпы орта білім беретін» КММ-нің
«Заманауи педагогикалық технологиялар мен белсенді оқыту әдістерін
қолдану негізінде білім алушылардың негізгі құзыреттерін дамыту»

Өткізу күні 27 наурыз 2026 жыл

Өткізу форматы офлайн

Ұзақтығы: 90 минут

Қатысқандар – 23 мұғалім (1 шағын орталық тәрбиешісі, кітапханашы)

Қатыспағандар-0

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Мұғалімдердің жауапкершілігі мен тиімділігінің мониторингі.
- 2.«Заманауи педагогикалық технологиялар мен белсенді оқыту әдістерін қолдану негізінде білім алушылардың негізгі құзыреттерін дамыту»
- 3.Тоқсан қорытындысы бойынша оқыту сапасының нәтижелері. Бағдарламаны орындау.
- 4.Әр түрлі сұрақтар.

ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші сұрақ бойынша мұғалімдердің жауапкершілігі мен тиімділігінің мониторингі туралы оқу ісінің орынбасары С.Абдрахманова : Мұғалімдердің жауапкершілігі мен тиімділігінің мониторингі. Қазіргі білім беру жүйесінде мұғалімнің рөлі ерекше маңызды. Оқушылардың білім сапасы, тәрбиесі мен тұлғалық дамуы тікелей мұғалімнің кәсіби деңгейіне байланысты. Сондықтан мұғалімдердің жауапкершілігі мен тиімділігін жүйелі түрде бақылау және бағалау – білім беру сапасын арттырудың негізгі құралдарының бірі. Мұғалімдердің жауапкершілігі. Мұғалімнің жауапкершілігі бірнеше бағыттан тұрады: Оқу бағдарламасын сапалы орындау. Оқушыларға білім мен тәрбие беру. Әділ бағалау жүргізу. Кәсіби этиканы сақтау. Үздіксіз кәсіби даму.

Жауапкершілігі жоғары мұғалім: Сабаққа тыңғылықты дайындалады

Оқушылармен тиімді қарым-қатынас орнатады.

Өз жұмысын үнемі жетілдіріп отырады. Мұғалім тиімділігі ұғымы. Мұғалімнің тиімділігі – оның оқыту нәтижесіне қол жеткізу деңгейі. Тиімді мұғалім:

Оқушылардың білім сапасын арттырады. Оқуға қызығушылықты қалыптастырады.Заманауи әдістерді қолданады. Әр оқушының жеке ерекшелігін ескереді . Мониторингтің маңызы. Мониторинг – мұғалім қызметін жүйелі түрде бақылау, талдау және бағалау процесі. Оның негізгі мақсаттары: Білім беру сапасын арттыру. Мұғалімдердің кәсіби деңгейін анықтау.Кемшіліктерді анықтап, түзету.Үздік тәжірибені тарату.

Мониторинг әдістері. Мұғалімдердің тиімділігін бағалау үшін келесі әдістер қолданылады: 1) Сабаққа қатысу (бақылау): Әкімшілік тарапынан сабақтарды талдау. Оқыту әдістерін бағалау

2) Оқушылардың оқу жетістіктері:Бақылау жұмыстары. ҰБТ, тест нәтижелері

3) Сауалнама жүргізу. Оқушылар мен ата-аналардың пікірлері

4) Портфолио талдау.Мұғалімнің жетістіктері . Сертификаттар мен марапаттар

5) Өзін-өзі бағалау. Мұғалімнің рефлексиясы.Жеке даму жоспары

Тиімді мониторингтің принциптері.Объективтілік . Жүйелілік. Ашықтық. Әділдік. Дамытушылық бағыттылық .

Қорытынды: Мұғалімдердің жауапкершілігі мен тиімділігінің мониторингі – білім беру сапасын арттырудың маңызды тетігі. Дұрыс ұйымдастырылған мониторинг мұғалімдердің кәсіби дамуына ықпал етіп, оқушылардың білім деңгейін көтереді. Сондықтан бұл процесс тек бақылау емес, сонымен қатар қолдау және дамыту құралы болуы тиіс.

Екінші сұрақ бойынша «Заманауи педагогикалық технологиялар мен белсенді оқыту әдістерін қолдану негізінде білім алушылардың негізгі құзыреттерін дамыту» бастауыш сынып мұғалімі А.Шокыбаева: Қазіргі білім беру жүйесінің басты мақсаты – тек білім беріп қана қоймай, оқушылардың өмірде қолдана алатын құзыреттерін қалыптастыру. Осы тұрғыда заманауи педагогикалық технологиялар мен белсенді оқыту әдістерін қолдану ерекше маңызға ие. Бұл тәсілдер оқушыны білім алудың белсенді субъектісіне айналдырады. Заманауи педагогикалық технологиялар ұғымы. Заманауи педагогикалық технологиялар – оқыту процесін тиімді ұйымдастыруға бағытталған әдістер мен құралдар жүйесі. Негізгі түрлері: Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ). Сын тұрғысынан ойлау технологиясы. Деңгейлеп оқыту. Жобалық оқыту. Қашықтықтан оқыту. Бұл технологиялар оқытуды: Қызықты. Қолжетімді. Тиімді етеді

Белсенді оқыту әдістері. Белсенді оқыту – оқушылардың сабаққа белсенді қатысуын қамтамасыз ететін әдістер жиынтығы.

Мысалдар: «Миға шабуыл». «INSERT» әдісі. «Джигсо». Пікірталас (дебат)

Рөлдік ойындар. Кейстік тапсырмалар. Бұл әдістер оқушыны: Ойлануға.

Талдауға. Өз пікірін білдіруге үйретеді. Негізгі құзыреттер ұғымы. Негізгі құзыреттер – оқушының білімді өмірде қолдана алу қабілеті. Оларға жатады:

Коммуникативтік құзырет. Ақпараттық құзырет. Проблеманы шешу құзыреті.

Әлеуметтік құзырет. Өзін-өзі дамыту құзыреті. Құзыреттерді дамыту

жолдары. Заманауи технологиялар мен белсенді әдістер арқылы: 1)

Коммуникативтік құзырет. Топтық жұмыс. Пікірталас. Презентациялар. 2)

Ақпараттық құзырет. Интернет ресурстарын пайдалану

Сандық құралдармен жұмыс. 3) Проблеманы шешу. Кейстік тапсырмалар

Жобалық жұмыстар. 4) Әлеуметтік құзырет. Топта жұмыс істеу

Бірлескен шешім қабылдау. 5) Өзін-өзі дамыту. Рефлексия. Өзін-өзі бағалау.

Артықшылықтары. Оқушылардың қызығушылығы артады.

Танымдық белсенділігі дамиды. Шығармашылық қабілеті қалыптасады

Білім сапасы жоғарылайды. Өмірге бейімділігі артады. Қорытындылай келсек

Заманауи педагогикалық технологиялар мен белсенді оқыту әдістерін тиімді

қолдану – сапалы білім берудің негізі. Бұл тәсілдер арқылы оқушылардың негізгі

құзыреттері дамып, олар бәсекеге қабілетті, ойлай алатын, өз бетімен шешім

қабылдайтын тұлға ретінде қалыптасады.

Үшінші сұрақ бойынша III тоқсанның қорытындысы бойынша оқыту

сапасының нәтижелері. Бағдарламаны орындау, оқу ісінің орынбасары

С.Абдрахманова тыңдалды: 2025-2026 оқу жылының III тоқсанның

қорытындысы бойынша мектепте 77 оқушы, оның ішінде 10 оқушы 1-сыныпта

білім алуда. (67 оқушы бағаланады). 1-4 сыныптарда – 29 оқушы. 5-9 сыныптар

аралығында – 40 оқушы. 10-11 сыныптарда – 8 оқушы

Мектепте 19 сынып бар, оның ішінде 2б, 4б, 5а-6а, 7а-8а, 7б-8б сыныптар

комплектісі.

Оқу әрекеті Жұмыс режимі: бескүндік оқу аптасы. Сабақ екі ауысымда жүргізіледі.

Денсаулығына байланысты үйде жекелей оқылымда 1 оқушы білім алуда. (6 сынып оқушысы Зорина Мария).

I тоқсанның үлгерім пайызы - 100 %, білім сапасы: жалпы мектеп бойынша — 61,8%.

II тоқсанның үлгерім пайызы - 100 %, білім сапасы: жалпы мектеп бойынша — 67,2% .

III тоқсанның үлгерім пайызы - 100 %, білім сапасы: жалпы мектеп бойынша — 68,2%

I-II-III тоқсанды салыстыратын болсақ 5-6 пайызға өсті.(Динамиканың өсуі байқалады). **III тоқсан нәтижесі әр сынып бойынша білім сапасы,үлгерімі.**

сынып	Барлық оқушы саны	Оқу үздіктері	екпінділер	Білім сапасы	үлгерімі	Сынып жетекшісі
1 а	10	-	-	-	-	Қабдеш Р.Е
2 а	3	1	1	67 %	100%	Досмағамбетова Ж.Ж
2 б	5	1	2	60 %	100%	Жаканова А.А
3 а	5		4	80 %	100%	Хахтай Г
4 а	3	2	1	100 %	100%	Шокыбаева А.К
4 б	3	2	1	100 %	100%	Жаканова А.А
1-4	29	6	9	81 %	100%	
5 а	5	-	4	80 %	100 %	Кабдешова М.В
5 б	6	-	3	50 %	100%	Смагулова М.Ш
6 а	2	1	-	50 %	100 %	Кабдешова М.В
6 б	4	-	4	100 %	100 %	Набиева Д.Қ
7 а	3	-	2	67 %	100 %	Мухамеджанова Г.Х.
7 б	1	-		0 %	100 %	Куц Е.А
8 а	3	-	1	33 %	100 %	Мухамеджанова Г.Х.
8 б	5	-	3	60 %	100 %	Куц Е.А
9 а	6	-	3	50 %	100 %	Қабдеш Н.Е
9 б	5	-	3	60 %	100 %	Жамышев А.Б
5-9	40	1	23	60 %	100 %	
10 а	3	1	1	67 %	100 %	Асылбеков Т.Ж
11 а	2	-	2	100 %	100 %	Асылбеков Т.Ж
11 б	2	-	2	100 %	100 %	Шокубасова А.М
10-11	8	1	5	89 %	100 %	
Мектеп бойынша	77 / 67	6	39	68,2%	100 %	

2025-2026 оқу жылындағы III тоқсан нәтижесі әр сынып бойынша оқу үздіктері мен екпінділері.

сынып	Барлық оқушы саны	Оқу үздік саны	Үздік оқушының аты-жөні	Екпінді саны	Екпінді оқушының саны	Сынып жетекшісі
1 а	10	-		-		Қабдеш Р.Е
2 а	3	1	Арлан Асанали	1	Болат Сұлтан	Досмағамбетова Ж.Ж
2 б	5	1	Куницкая Ярина	2	Куницкий Алексей Смагулова Инжу	Жаканова А.А
3 а	5	1		4	Ботан Самир Аугалив Ерасыл Жанарбек Сезім Жумабаева Амина	Хахтай Г
4 а	3	2	Туребаева Ясмин Рыспек Айжаксым	1	Мусулканова Диляра Рыспек Айжаксым	Шоқыбаева А.К
4 б	3	2	Дьяченко Евгения Куницкая Полина	1	Асанов Даниял	Жаканова А.А
5 а	5	-	-	4	Айтбай Нұрбол Жанарбек Аяулым Сайлауұлы Анвар Сайлауұлы Мансур	Қабдешова М.В
5 б	6	-	-	4	Арлан Гүлшашар Жумабаева Айзере Елюбаева Айлин	Смагулова М.Ш
6 а	2	1	Туребаева Гульназ			Қабдешова М.В
6 б	4	-	-	4	Балгабаев Ильяс Дьяченко Ульяна Куницкий Антон Зорина Мария	Набиева Д.Қ
7 а	3	-	-	2	Бейсекеев Ерасыл Толегенов Альхам	Мухамеджанова Г.Х.
7 б	1	-	-	-	-	Куц Е.А
8 а	3	-	-	1	Айтбаева Найля	Мухамеджанова Г.Х.
8 б	5	-	-	3	Асанов Камиль Пугалов Кирилл Жанкабаев Нурсултан	Куц Е.А
9 а	6	-	-	3	Кокенова Дильназ Мәжит Ерхан Мусулканова Даяна	Қабдеш Н.Е
9 б	5	-	-	3	Сахапов Алмаз Байсеитов Арнат Набиев Серикболсын	Жамышев А.Б
10 а	3	1	Шоқыбаев Ерасыл	1	Сагимбаева Фатима	Асылбеков Т.Ж
11 а	2	-	-	2	Ахболатқызы Қарақат Досмағамбетова Жанся	Асылбеков Т.Ж
11 б	2	-	-	2	Асанов Асан Сергазин Ален	Шокубасова А.М

2025-2026 оқу жылындағы ІІІ тоқсан нәтижесіне тоқталатын болсақ:

5-9 сыныптарда төмен білім сапасы мына сыныптарда: 8 а сынып-33 пайыз, 6 а,5 б, 9 а сыныптарда-50 пайыз, осы сыныптардың сынып жетекшілеріне сөз беру:

8 а сыныпты сынып жетекшісі Г.Мухамеджанова сыныпта -3 оқушы сыныптың білім сапасы -33%, үлгерімі -100%. Айтпаева Найля «жақсы» оқитын оқушы. Қанатбайқызы Самира алгебра,ағылшын тілі,геометрия,қазақстан тарихы,орыс тілі мен әдебиеті,химия пәндерінен үштік бағалары бар. Серікпай Қарақат ағылшын тілі, геометрия, қазақстан тарихы, химия пәндерінен үштік бағалары.Серікпай Қарақаттың ынтасы бар.

6 а сынып жетекшісі А.Хаметова сыныпта 2 оқушы Туребаева Гулназ «үздік» оқушы. Балгабаева Адия « үш» деген бағалары көп. Сол себепте 50 пайыз сапаны көрсетіп тұр.

5 б сынып жетекшісі М.Смагулова сыныпта 6 оқушы өткен тоқсанда 60 пайыз сапаны бердік.Осы тоқсанда 50 пайыз сапаны беріп отырмыз. Жанкабаева Инжу түсті,оқуға деген ынтасы жоғалды.Үштік бағалары көп.

9 а сынып жетекшісі Н.Қабдеш сыныпта 6 оқушы 3 оқушы «жақсы » оқиды.3 оқушы оқуға деген ынтасы төмен. Бірақ Набиев Дидар деген оқушының ынтасы бар.

Төртінші сұрақ бойынша мектеп директоры тыңдалды: 2025–2026 оқу жылында орта білім ұйымдарында оқушылардың қорытынды аттестациясын өткізу мерзімдері» 9-сынып оқушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары 2026 жылғы 29 мамырдан 11 маусымға дейін өткізіледі. 11-сынып оқушылары үшін мемлекеттік бітіру емтихандары 2026 жылғы 2 маусымнан 15 маусымға дейін өткізіледі.сол себепті оқу ісінің орынбасары С.Абдрахманова бәрін бақылауға алу. Жоғарыда көрсетілген ресми уақыт кестесіне сәйкес барлық білім беру ұйымдары аттестацияны басқару жоспарын алдын-ала дайындауы қажет (талқылаулар, қаралымдар, кестелер).

Аттестациялық тапсырмалар, сынақ материалдары мен бағалау критерийлері емтихандарға дейін уақытылы дайын болуы тиіс. Бұл оқушыларға дайындалу мүмкіндігін кеңейтеді.

Аттестаттау мерзімдері, кестелер және бағалау тәртібі туралы ақпаратты мектептер, сынып жетекшілері және ата-аналар уақтылы білуі тиіс.

Бағалау нәтижелерін талдау. Аттестат нәтижелерін оқу бөлімі мен мектеп әкімшілігі талдап, нәтижелерге қарай келесі оқу жылына педагогикалық түзетулер енгізуі тиіс.

Ата-аналармен ынтымақтастық. Аттестат алдында ата-аналар жиналыстары, ақпараттық хабарламалар және кеңестер ұйымдастыру арқылы ата-аналарды да процессқа тарту.

Аттестация мерзімдері ресми түрде бекітілген, олар оқу жылының соңына қарай білім деңгейін кешенді бағалауға мүмкіндік береді. Алдын ала жоспарлау, даярлық жұмыстары, ақпараттандыру және қолдауды жүйелі жүргізу — аттестацияны тиімді өткізу үшін маңызды.

Шешімдер:

1.Мұғалімдердің жұмысын жүйелі түрде бақылау үшін көрсеткіштер жүйесін енгізу (мысалы, сабаққа дайындық, оқу процесін ұйымдастыру, оқушылардың үлгерімі).

Педагогикалық кері байланыс формаларын қолдану (оқушылар, ата-аналар, әріптестер арқылы бағалау).

Ұсыныстар:

Апталық, айлық негізде есеп беру жүйесін енгізу.

Тәжірибелі мұғалімдердің коучингтік сессияларын ұйымдастыру.

Жетістіктерді марапаттау жүйесін қалыптастыру, ал кемшіліктерді түзету жоспарын жасау.

Шешімдер:

2. Цифрлық құралдар мен платформаларды пайдалану (мысалы, интерактивті тақта, Google Classroom, Kahoot).

Оқушылардың жеке және топтық жұмыстарын үйлестіру арқылы шығармашылық және сыни ойлау дағдыларын дамыту.

Ұсыныстар:

Мұғалімдерге тренингтер мен семинарлар ұйымдастыру, заманауи әдістерді меңгерту.

Оқыту процесін үздіксіз бағалау арқылы оқушылардың даму динамикасын бақылау.

Шешімдер:

3. Тоқсан қорытындысы бойынша талдау есептері: пән бойынша жетістіктер, орташа баға, кемшіліктер мен артықшылықтар.

Бағдарламаны орындау көрсеткіштерін жүйелі бақылау.

Ұсыныстар:

Қол жеткен нәтижелерді мұғалімдермен және ата-аналармен бөлісу.

Қажет болған жағдайда оқыту бағдарламасын түзету (кемшіліктерді ескеру).

Сапаны арттыру үшін мұғалімдер арасында тәжірибе алмасу, үздік әдістерді тарату.

Ата-аналар жиналыс пән мұғалімдерімен өткізу.

4. Шешімдер

Аттестацияны жоспарлы түрде өткізу

Аттестациялық материалдарды уақытылы әзірлеу

Оқушылар мен ата-аналарды ақпараттандыру

Ұсыныстар

-Мұғалімдер мен оқушыларға арналған дайындық сабақтарын, тренингтер мен консультацияларды жүйелі ұйымдастыру.

Қосымша курстар, практикалық жаттығулар мен тестілік тәжірибелерді оқу процесіне енгізу.

-Психологиялық қолдау

Педагогикалық кеңес төрайымы:  А.Аксеитова
Хатшы  А.Нуртазина

